# *2023 – 2024 оқу жылындағы оқу жылындағы кәсіптік бағдар берушінің I - жартыжылдық атқарылған жұмыстар есебі*

*Кәсіптік бағдар беруші: Акшалова И Р*

# Кәсіби бағдар беру жұмысының 2023 – 2024 оқу жылындағы I жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар есебі

| № | Кәсіби бағдар беру жұмысы | Жұмыс түрі | Қатысушылар саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Сіз мамандық таңдадыңыз ба? | Сауалнама | 47 |
| 2 | Қайда оқуға баруға болады? | Кәсіби консультация | 47 |
| 3 | Мамандық таңдауға көмек | Кәсіби консультация | 47 |
| 4 | ЖОО және колледж өкілдерімен кездесу | Кездесу | 47 |

Мамандық таңдау - тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Қазан айында Қорғалжын ауданының «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкер палатасының директоры Мадияр Ахметжиновпен «Казпочтаның» басшысы Аблайхан Зулханов келіп оқушылармен «Табысты түлек» тақырыбы аясында кездесіп отырыс жасады.





Еңбек күнін мерекелеу аясында 9 – 11 сынып оқушыларымен «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында кикбоксингтен екі дүркін әлем чемпионы Ерлан Шағбанмен кездесу өтті.




«Мамандық таңдау» деген ватсап желісінен группа аштым 11 сыныптармен. Мақсаты: Оқушыларға ҰБТ жайлы кеңінен ақпарт беріп отыру. ҰБТ дайындық кезінде қандай психологиялық жағдайда болу керектігін дайындау. Қажетті материалдарды, видеороликтарды жіберіп отыру.





Мамандық таңдау кезінде оқушылардың қай бағытқа, қай мамандыққа жақын екенін анықтау мақсатында 9,11-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері төмендегідей болды (9-сынып):

Сіз болашақ мамандығыңызды таңдадыңыз ба? Иә-19 (76%); Жоқ 6 (24%);

- Қандай мамандық таңдадыңыз? Жазып көрсетіңіз: педагогика-8, дәрігер-3, жаттықтырушы-2, медресе-1, заңгер-2, туризм-1, бағдарламашы-2;
- 9-сыныптан кейінгі сіздің жоспарыңыз? 10 сыныпта қалу-7 оқушы, колледжге оқуға түсу-17 оқушы, жауап беруге қиналамын – 1 оқушы
- Өзіңіздің болашақ мамандығыңызға дайынсыз ба? Бұған мүмкіндікті көріп тұрған жоқпын – 0, Бірдеңе істегім келеді, бірақ неден бастарымды білмеймін-7 оқушы, иә, болашақ мамандығыма дайынмын- 18 оқушы

11-сыныпқа арналған сауалнама нәтижелері: Тіс дәрігері-2, Мұғалім-2, Әскери адам-1, Қорық қызметкері-1, Журналистика саласы (диктор)-1 оқушы.

- Бұл мамандықты таңдауға кім себеп болды?: Ата-анаң- 25%, Ұстаздарың- 0%, Өз қалауым -75%.
- Бұл мамандықты таңдауға не себеп болды?: Үнемі қажет болатын мамандық, ақшасы көп, көптеген плюстары бар, үнемі актуалды, ақысы жоғары деп жауап берді.

Жасөспірімдерге мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру мақсатында 10-11 сынып оқушыларымен «Сен болашақ мамандығыңды таңдадың ба?» тақырыбында кездесу өткіздім. Оқушыларға алдын ала мамандық таңдаудың психологиялық диагностикадан өткізудің маңыздылығы мен мамандық таңдауда темперамент және мамандық типтерінің рөлі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқушыларға болашақ мамандықты анықтайтын тегін тест сайттары, Қазақстан бойынша жоғары білім орындарының тізімі бар сайт ұсынылды.

Мамандықтар бойынша ағарту жұмысын жүргізу және кәсіби бағдар беру жұмысының мәні өте терең. Сондықтан мектеп психологиялық қызметінің міндеттерінің бірі -балаларға мамандықты дұрыс таңдатуы болып табылады.

Қараша айында «М. Тынышбаев атындағы  Қазақ көлік комуникациялар академиясы» АҚ Ақмола колледжі ЖШС өкілі Жұмабеков Нұрислам Маратұлы келіп 9 «а,б» сынып оқушыларына үгіт насихат жүргізіп, Техникалық мамандықтар тегін екенін , студенттерге жатақханамен қамтамасыз етілетінің, әлеуметтік пакет қарастырылғанын атап, кеңінен ақпарат беріп жадынама таратты.



Желтоқсан айында алдын – 9, 11 сынып оқушыларының кәсіби бағытталған диагностикалар жүргізілді.

Сауалнама: Сен мамандық таңдадың ба?

- Болашақ мамандығының туралы не білгің келеді?
- Тест «ойлау түрі»
- «Айналымдағы мамандық» квест ойын сиякты жоспар бойынша іс – шаралар өткізілді.

***Кәсіптік бағдар беруші:* Акшалова И Р**

# *2023 – 2024 оқу жылындағы оқу жылындағы кәсіптік бағдар берушінің II - жартыжылдық атқарылған жұмыстар есебі*

*Кәсіптік бағдар беруші: Акшалова И Р*

**Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББ мектебінің**
**Кәсіби бағдар беру жұмысының 2023 – 2024 оқу жылындағы**
**II жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар есебі**

Жасөспірімдерге мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру мақсатында 19 9 - 11 сынып оқушыларымен «Сен болашақ мамандығыңды таңдадың ба?» тақырыбында кездесу өткіздім. Оқушыларға алдын ала мамандық таңдаудың психологиялық диагностикадан өткізудің маңыздылығы мен мамандық таңдауда темперамент және мамандық типтерінің рөлі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқушыларға болашақ мамандықты анықтайтын тегін тест сайттары, Қазақстан бойынша жоғары білім орындарының тізімі бар сайт ұсынылды.





9 «а, б» сынып оқушыларымен «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап», «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жайлы түсіндірме жұмыстарын өткіздім.





2024 жылдың 1 ақпан күні 9,11 сынып ата-аналарымен «Баланың мамандық таңдауындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында жиналыс өтті. Жиналыстың мақсаты: оқушыларға мамандық таңдауда ата-ананың рөлінің маңыздылығын түсіндіру. Жиналыс барысында мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы жайлы мәлімет айтылып, оқушылардың қызығушылықтары туралы айтылды, мамандық таңдауда әсер ететін факторлар, мамандық таңдаудағы қателіктер, мамандық таңдауда ата-аналарға жадынама айтылды.



Ақпан айында Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының қызметкерлері келіп 10-11 сынып оқушыларымен таныстыру, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





Наурыз айында Ақмола облысы Білім Басқармасы жанындағы «Астрахан ауылы Агротехникалық колледжі» өкілдері келіп 9 «а, б» сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




Сәуір айында Қорғалжын ауданы, Агротехникалық колледждің мамандары мектебімізге келіп, 9-сынып оқушыларымен кездесіп, колледж жайлы ақпарат беріп, мамандықтар, жатақхана, тегін тамақтану туралы мағлұматтар берді.




Астана қаласының «Басқару колледжінің» өкілдері келіп 9 «а, б» сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




9 – 11 сынып оқушыларымен «Мамандықтар әлемі» атты мамандықтар жайлы қызықты ақпараттар айтып, түсіндірме жұмысын жүргіздім.




Астана қаласының М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Ақмола колледжінің өкілдері келіп, түсіндірме жұмыстарын өткізді.




Мектеп ұстаздарына ***9 «а»***, ***9 «б»*** және ***11 сынып*** оқушылар жайлы «***Түлектерді жұмысқа алдын – ала орналастыру***» туралы ақпарат бердім. Нәтижесінде : ***9 «а», 9 «б» сынып оқушылар арасында, 10 - сыныпқа қазіргі таңда қалам деушілір саны – 13 оқушы: Оқуға түсемін деп, жоспарлап отырған оқушылар саны – 14 оқушы:***

***11 сынып оқушыларының ҰБТ нәтижесі қалай болатынына байланысты оқуға түсетіні, жайлы жоспарлап отырған ойлары бар. Барлығы ҰБТ нәтижесіне байланысты.***

Кәсіптік бағдар беруші: Акпалова И Р